

**БД110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуші
Танирбергенова Ақмарал Айдаркуловнаның «Ірі қала жағдайында кант диабетінің медициналық-әлеуметтік және экономикалық салдарын болжау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША
ШҚІРІ**

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне)-ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары Ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс «Өмір және денсаулық туралы ғылым» Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес.</p>
2.	<p>Ғылымға маңыздылығы</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады. Тақырыптың өзектілігі жеткілікті түрде ашылған. Қазақстан Республикасында және Алматы қаласы бойынша кант диабеті сырқаттанушылығы мәліметтері зерделенді, кейін кант диабеті ауруының 2025 жылға дейінгі болжамы әзірленді, Алматы қаласы бойынша кант диабетінің әсерінен туындаған мүгедектікке кешенді бағалау жүргізілді, науқастардың өміршеңдігіне талдау жүргізілді, кант диабетімен ауыратын науқастардың денсаулығы мен денсаулық жағдайына аурушылықтың</p>

		<p>медициналык-элеуметтик, экономикалык салдарына көпфакторлу талдау жасалып, кешенді баға берилди.</p> <p>Автор эдеби деректерге дербес талдау жүргізді, диссертациялык жұмыстын максаты мен міндеттерін тұжырымдады. Диссертациялык зерттеу жұмысы барысында докторант тың деректерді жинады, социологиялык зерттеулерді өз бетінше жүргізді, зерттеу нәтижелерін талдады.</p>
<p>3. Өзі жазу принципі</p>	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган</p>	<p>Зерттеудің өзектілігі эдеби деректерді талдау процесінде негізделген. Зерттеу ірі қала жатпайында кант диабетінің медициналык-элеуметтік және экономикалык салдарын болжау мәселелеріне арналған. Атап айтқанда, аурушандык динамикасын зерттеу, мүгедектігі бар адамның өміршеңдігін бағалау және кант диабетімен ауыратын адамдардың денсаулығы мен денсаулығының медициналык-элеуметтік және экономикалык салдарын талдау.</p>
<p>4. Ішкі бірілік принципі</p>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялык жұмыстың атауы тандайын тақырыпты толық көрсетеді, логикалык дәйектілікке сәйкес жазылған.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбына айкындайды 1) айкындайды; 2) жартылай айкындайды; 3) айкындамайды</p> <p>4.3. Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалык байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның максаты – денсаулык сақтаудағы кант диабетімен ауыратындарды бақылауды және көмектің ұйымдастырылуын талдай отырып, сырақаттанушылықтың медициналык-элеуметтік және экономикалык салдарын болжауды ғылыми негіздеу. Тұжырымдалған міндеттер кешені зерттеу максатына сәйкес келеді және автордың тандаған тақырыбын ашады.</p> <p>Ресми тілде баяндалған мәтін біртұтастык сақтай отырып, дұрыс құрылымдалған, бөлімдер мазмұнына қарай ретімен орналасқан. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы бір-бірімен логикалык тұрғыда толық байланысқан.</p>

	<p>4.5. Автор ұсынған жана шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі нәтижелермен салыстырылып бағаланған.</p> <p>1) <u>свину талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Автор ұсынған жана шешімдер нақты материалмен дәлелденеді. Зерттеу нәтижелері басқа авторлардың ерте жарияланған еңбектерімен тұрғысынан қарастырылды.</p> <p>Қант диабетінің медициналық-әлеуметтік және экономикалық әсерлерінің нәтижелері өзге авторлардың мәліметтерімен салыстырмалы түрде талданды. Денсаулық сақтау жүйесінің бүтінгі жағдайына дәлелдемелер алынды, отандық және шетелдік денсаулық сақтауда қолданылатын негізгі шешімдер <u>шығарылды</u>. Осының негізінде өзіндік шешімдер кешені тұжырымдалды.</p>
<p>5. Ғылыми жанашылдық принципі</p>	<p>5.1. Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жана болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жана</u>; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>	<p>Нәтижелердің ғылыми жанашылығы 1991-2020 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында және Алматы қаласы бойынша қант диабеті сырқаттанушылығы бойынша статистикалық мәліметтер зерделеніп, жалпы қант диабеті аурушандығының 2025 жылға дейінгі болжамы жасалынды. Жалпы ҚР және Алматы қаласы бойынша диабетін алғашқы сырқаттанушылығы арттады деп күтілуде. Сонымен қатар, қант диабеті салдарынан алғашқы мүгедектік деңгейін таптауда мүгедектіктің пайызының өсу үрдісі байқалды. Бірақ бұл ретте терминалдық жағдайлардың саны алғашқы екі жылда тіркелді. Қант диабеті ауруының ауырлық дәрежесі науқастардың физикалық денсаулығының өзін-өзі бағалауына тікелей әсер етеді: аурудың дәрежесі неғұрлым ауыр болса, оның медициналық салдары соғұрлым ауыр бағаланады. Сонымен қатар, қант диабеті ағымының ауырлығы мен қант диабетімен ауыратын науқастардың әлеуметтік белсенділігі арасында өзара байланыстың болуы көрсетілді. Қант диабеті ауруының ауырлық сатысы неғұрлым жоғары болса, оны емдеу шығындары соғұрлым жоғары болады. Қант диабетінің ауыр дәрежесі диабетке шалдыққан науқастар үшін медициналық-әлеуметтік сипаттағы ауыр зардаптарға</p>

	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>жаңе материалдық шығындардың артуына әкеледі.</p> <p>Алынған нәтижелер негізінде жасапған тұжырымдар жаңа, теориялық және практикалық маңызы бар.</p>
<p>6. Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Автор пайдаланған техникалық және технологиялық шешімдер жаңа болып табылады, бұл туралы енгізу актілері мен авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне енгізу туралы куәліктер куәландырады.</p>
<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі кандидаттар</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p> <p>Әр кандидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Кандидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Барлық негізгі тұжырымдар зерттеу барысында алынды, оның дизайны міндеттерге сәйкес келеді. Зерттеуге енгізілген таңдамалар репрезентативті, статистикалық талдау әдістері бар және олар негізделген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.</p> <p>Қорғауға ұсынылған әрбір кандидат жаңа және дәлелденген. Нәтижелері толық жарияланды. Нәтижелерді қолдану деңгейі кең, жарияланған мақалаларда дәлелдер бар.</p>

	<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	
<p>8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертациялық зерттеу әдістемесінің таңдауы негізделген және зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері SPSS Statistics (23 нұсқасы) компьютерлік бағдарламасының көмегімен алынды. Статистикалық критерийлер қойылған сұрақтарға сәйкес келеді және автордың ғылыми гипотезаларын растайтын сенімді тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.</p> <p>Зерттеудің теориялық тұжырымдары, модельдердің сенімділігі ғылыми дәлелдемелермен расталған. Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері мен тұжырымдары халықаралық ғылыми конференцияларда баяндалды.</p> <p>Автордың барлық мәлімдемелері өзекті және сенімді ғылыми ақпаратқа сілтемелермен расталған.</p> <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. 168 әдебиет көздері пайдаланылған.</p>

9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ.	Ғылыми жұмыстың теориялық маңыздылығы күмән тудырмайды. оның нәтижелері медициналық жоғары оқу орындарының студенттері, дәрігерлері, медициналық-әлеуметтік сараптама ұйымдарының мамандары оқу және жұмыс процесінде қолданылуы мүмкін.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар, ол зерттеу барысында алынған нәтижелерді медициналық-әлеуметтік сараптама ұйымдарының қызметіне енгізу актілерімен растанады.
		9.3. Практикалық ұсыныстар жана болып табылады? 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)	Тәжірибелік ұсыныстар жана болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың жазу стилі мен ресімдеу сапасы академиялық талаптарға сәйкес жоғары деп саналады. Докторант ғылыми стилді еркін меңгерген, ғылыми жұмысты (PhD) философия докторы дәрежесіне сәйкес сауатты жазылған деп бағалаймын. Диссертациялық зерттеуді рецензиялау барысында жалпы сипаттағы келесі нақтылаулар, ұсыныстар мен сұрақтар туындады: 1. Ұсақ стильдік кемшіліктер бар; 2. Кант диабетімен ауыратын науқастардың мүгедектігінің әлеуметтік аспектілерін көбірек ашып көрсеткен жөн; 3. Қазақстан Республикасында және Алматы қаласында кант диабетімен сырқаттанушылық динамикасын зерттеу және болжау 1991-2020 жылдарға жүргізілді, ал қорытындылар тек 2013-2017 жылдардағы мүгедектіктің бастапқы деңгейі туралы мәліметтерді көрсетеді. Соңғы 5 жылда жағдай өзгерді ме?

		<p>Дегенмен, жоғарыда айтылғандардың барлығы диссертациялық зерттеудің жалпы он бағасын төмендетпейді.</p> <p>Қорыта келе, докторант Танирбергена Ақмарал Айдаркуловнаның «Ірі қала жағдайында кант диабетінің медициналық-әлеуметтік және экономикалық салдарын болжау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының өзектілігі, ғылыми жанаалығы, тәжірибелік маңыздылығы, баяндаманың толықтығы және тұжырымдардың негізділігі бойынша 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал оның авторы философия докторы ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.</p>
--	--	---

Ресми рецензент:

Әл Фараби атындағы ғылым және техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты
 «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ
 денсаулық сақтау саясаты және ұйымдастыру кафедрасының профессоры,
 медицина ғылымдарының докторы



Танбаева Г.З.

КОЛТАНБАРЫН
 РАСТАМАНЫҢ
 ПОДПИСЬ